

«Қазконтент» АҚ, Қазақстан Журналистер Одағы, Қазақстан Журналистер Академиясы, Бас редакторлар клубы ҚБ қолдауымен  
При поддержке АО «Қазконтент», Союза Журналистов Казахстана, Академии Журналистов Казахстана, ОО Клуба главных редакторов



**КАЗКОНТЕНТ**



әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
журналистика факультеті баспасөз және электронды  
БАҚ кафедрасының құрылғанына 81 жыл

**«БАҚ мамандарын даярлау  
бастаулары және жаңа бағыттары» атты республикалық  
ғылыми-әдістемелік конференция**

## **ЖИНАҒЫ**

*2015 жыл 26-27 қараша*

## **СБОРНИК**

Республиканской научно-методической конференции  
**«Новые направления и инновации  
в подготовке кадров СМИ»,**  
посвященной 81-й годовщине кафедры печати и  
электронных СМИ факультета журналистики  
КазНУ им. аль-Фараби

*26-27 ноября 2015 года*

**Алматы 2015**

Редакциясын басқарған:  
журналистика факультетінің деканы **С. Медеубек**  
с.ғ.д., профессор **Г.С. Сұлтанбаева**

**Жауапты редактор:**  
аға оқытушы **А.Б. Әлімжанова**

**БАҚ мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары: республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жинағы. 2015 жыл 26-27 қараша. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 99 б.**  
**ISBN 978-601-04-1666-4**

Жинақта бүгінгі журналистік білім беру мәселелері жан-жақты қарастырылған. Бұқаралық ақпарат құралдарына маман дайындаудың жаңа бағыттары ұсынылады.

Жинақ журналистика саласындағы студенттерге, магистранттарға, Phd докторларына және жалпы оқырманға арналады.

Қ  
О  
Л  
М  
Т  
Ж  
О  
З  
У  
Т  
І  
Л  
Т  
Е  
Н  
І  
Ж  
Д  
Е  
Т  
І  
М  
Т  
Ь  
Т  
Ь  
Д  
Ь  
О  
Н  
Р  
О  
Д  
Ы  
Е  
Т  
І  
Ш  
А  
С  
Ы  
О  
Л  
Д  
А  
Т  
Е  
С  
Л  
Ы  
Н  
Е  
Д  
Т  
У  
Ң  
Ғ  
А  
Т  
А  
Д  
Ы  
Ғ  
Ы  
Л  
М  
Ғ  
А  
Т  
Ы

Басқаларға қарағанда олардың байлығы тіпті өлшеуге келмейді. Өлшеуге келмейтін байлығы – оның рухани байлығы.

Адамзат ақыл ойының алтын қорын жинап алып тасқа басып сатады, таратады, тарихта қалдырады, сонымен бірге өзінің сана қорына да жинайды. Бұл байлыққа кенелгендердің қоржынындағы ақша асып-төгіліп жатады. Рас, қазақ даласында бұл кәсіп өте кеш, кешегі ХІХ ғасырдың екінші жартысының аяғына таман келді. Мұхаметжан Сералин, Жүсіпбекқожа Шайхисламұлы, Ақылбек Сабалұлы, Кашафуддинов Шахмардан, Ахмет Байтұрсынов секілді баспагерліктің қазақ даласында бұр жаруына септігін тигізген қайраткерлер көздері тірісінде-ақ халық алдында ең беделді адамдар қатарында болды. Тарихта да ең игілікті істің басында болған тұлғалар ретінде ұрпақ құрметіне бөленуде. Көрші Ресейде де тарихта аты айырықша аталатын баспагерлер болды. Мысалы ФЁДОРОВ Иван (1510-83), Базунов Александр Фёдорович (1825-1899), Березовский Владимир Антонович (1852-1917), Вольф Маврикий Осипович (1825-83), секілді ондаған баспагерлер кітап шығару, тарату сату арқылы байығандар, осы кәсіпті бикке көтергендер. Жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ баспагерлігі енді-енді алға жылжи бастағанда кеңес үкіметі биледі де жеке баюға тиым салды. Дегенмен сол заманда да баспа ісі жалпыға ортақ қазына ретінде жылжыды. Бірақ оның жекекәсіпкерлік қағидалары ұмытылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда да жекеменшік баспалар пайда болды. «Ататек» баспасы ең алғашқы жекеменшік баспа ретінде әжептәуір іс тындырды. «Атамұра» жекеменшік баспасы кейін ірі корпорацияға айналды. «Мектеп», «Алматыкітап», «Дәуір», «Аруна», т.б. баспалар қазір ел ішінде үлкен беделге ие. Ал енді әлемде баспагерлерлік кәсіппен байыған адамдарды ең бай адамдар қатарына қосады. Солар басқарып отырған конгломераттар мен корпорациялар, компаниялар мен серіктестіктер өз қоржындарында миллиардтап ақша айналдырып отырады. Ондай мекемелердің жыл сайын рейтингі де шығарылып отырады. Соңғы мәліметтерге сүйенсем, мысалы Ұлыбританияда «Pearson» – 5,290 млрд. еуро; Ұлыбритания мен нидерландыға ортақ компания «Reed Elsevier» – 5,024млрд.еуро; Канадада«ThomsonReuters» – 3,813млрд.еуро; нидерландыда «Wolters Kluwer» – 3,425млрд. еуро; Германияда «Bertelsmann» – 2,969 млрд. еуро; Францияда «Hachette Livre» – 2,273 млрд. еуро; Испанияда « Grupo Planeta» – 1,804 млрд. еуро; АҚШ-та «McGraw–Hill Education» – 1,666 млрд. еуро ; Италияда «De Agostini Editore» – 1,616 млрд. еуро қаржысымен әлемдегі елу ірі баспагерлердің алғашқы ондығында. Алдағы жылдарда бізде де бұл үрдіс экономикамыздың ықпалды тетіктерінің біріне айналады деп сенемін. Сондықтан да халықты да, мемлекетті де байытудың бір жолы – баспагерлік кәсіп деп білемін. Ендеше, ондай кәсіпті оқыту, үзерттеу ісіне немкетті қарауға болмайды.

**Сұлтанбаева Г.С.,**

*Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, с.ғ.д., профессор*

## **ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ДИАЛОГИЯСЫ: МАМАНДЫҚТЫ ИГЕРУДІҢ ҚЫР-СЫРЫ**

### **Журналистика – әрі кәсіп, әрі міндет**

ХХ ғасыр басында алаш азаматтары қазақ журналистиканың негізін қалады. Халықтың қоғамдық санасы мен саяси көзқарасы қалыптасуына ықпал етті. Сондықтан ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі деп атауы бүгінде қанатты сөзге айналды.

Алаш көсемсөздері айтып кеткен газета — мерзімді басылым. Көнеде Юлий Цезарь «Сенат оқиғаларын» жарияласа, римдік газеттер болса оқиғалар хроникасын қысқаша тақталарға басып шығарған. Осыдан 1103 жыл бұрын Қытайда «Астаналық жаршы» жарық көріпті. Газета атауының шығу тегі де қызық. Күнделікті қоғамдық ақпарат парақшасын итальяндықтар *gazetta* аталатын ұсақ монетаға сатып алып отырған. Міне, газета деген сөздің шығу тарихы сонау ежелден басталған екен.

Ақпарат дәуірі аталатын бүгінгі заманда журналистика көз ілеспес жылдамдықпен дамуда. Бүгінде ақпарат бірлігін битпен өлшейтінін білеміз. 8 бит 1 байтқа тең келеді. Осы 1 байт көлемі әліпбидегі 256 символды танытатын ақпараттық өлшем саналады. 1 секундте 1 млн байт ақпаратты тасымалдауға болатын заманда өмір сүрудеміз. Сол үшін де технологияның осындай мүмкіндіктері журналистика саласындағы ақпарат пен оқиғалардың лездігі мен жылдамдығына кепіл бола алады.

«Журналистика – бұл миссия», – дейді журналистика мен мультимедианың бүгінгі үрдістерін бағалаған жазушы, журналист Дебора Кемпбелл. Журналистика әрі кәсіп, әрі міндет. Қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Осы жауапкершілікке студент кезінен баулу, тәрбиелеу – осы салада мамандар даярлайтын оқу орындарының міндеті.